

*Б. Таңсықбаева<sup>1</sup>, Г. Қаламбаева<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы,  
Алматы, Қазақстан*

### СӨЗ МӘДЕНИЕТІН МЕҢГЕРУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

*Аңдатпа*

Ана тілінің қолданылу аясын кеңейту – үнемі назарда болуды талап ететін мәселе. Тіл мәдениетін меңгеру, тұлғаның сөздік қорын үздіксіз байыту, қазақ халқының мәдени және тілдік мұрасын қолдана білу - қазақ тілін үйренуші әрбір адамнан талап етілуі тиіс. Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – мәдениетті, шешен сөйлей білу. Мақалада шешендік сөз өнерін меңгерудің өмірде алатын орнына тоқтала отырып, жастардың бойына сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда тілдік құралдарды саналы іріктеудің маңыздылығына тоқталған. Сонымен қатар тіл мәнерлігін арттырудың жолдарына тоқтала отырып, сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері мен жолдары, сөз этикасының құрылымы туралы мәселелерді көтереді. Сөз мәдениетінің сақталмауының себептерін аша отырып, авторлар оны жоюдың жолдарына тоқталған. Сөйлеудің мәнерлігін арттырудың бірден-бір жолы көркемдеуіш құралдарын орынды пайдалану деген тұжырым жасалған.

**Түйін сөздер:** шешендік өнер, сөз мәдениеті, этика, рухани байлық, синоним, сөйлеу әдебі, сыпайылық

*B. Tansykbayeva<sup>1</sup>, G. Kalambaeva<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Kazakh Academy of transport and communications of M. Tynyshpaeva,  
Almaty, Kazakhstan*

### REQUIREMENTS FOR THE DEVELOPMENT OF SPEECH CULTURE

*Abstract*

Expanding the scope of the native language is a problem that requires constant attention. Knowledge of the language culture, continuous enrichment of the individual's vocabulary, the ability to use the cultural and linguistic heritage of the Kazakh people-should be required from every person who studies the Kazakh language. The beginning of the path to language culture is the ability to speak culturally and oratory. The article talks about the role of oratory in life, the importance of conscious selection of language tools in the formation of speech culture among young people. It also considers ways to increase the expressiveness of speech, raises questions about the methods and ways of developing the culture of speech, the structure of speech ethics. Speaking about the reasons for non-compliance with speech culture, the authors indicate their elimination. They come to the conclusion that in order to improve the culture of speech skills, it is necessary to use the media of the language correctly.

**Key words:** oratory, culture of speech, ethics, spiritual wealth, synonym, speech ethics, politeness

*Б. Тансықбаева<sup>1</sup>, Г. Қаламбаева<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М.Тынышпаева,  
Алматы, Казахстан*

### ТРЕБОВАНИЯ К ОСВОЕНИЮ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ

### Аннотация

Расширение сферы применения родного языка - проблема, требующая постоянного внимания. Знание языковой культуры, непрерывное обогащение словарного запаса личности, умение использовать культурное и языковое наследие казахского народа - должно потребоваться от каждого человека, изучающего казахский язык. Начало пути к языковой культуре – умение говорить культурно и ораторское искусство. В статье говорится о роли ораторского искусства в жизни, о важности осознанного отбора языковых средств в формировании культуры речи у молодежи. Также рассматриваются пути повышения выразительности речи, поднимают вопросы о методах и путях развития культуры речи, структуре речевой этики. Говоря о причинах несоблюдения речевых культуры авторы указывает об их устранения. Приходят к выводу для повышения культуры речевых навыков - правильно использовать медиа языка.

**Ключевые слова:** ораторское искусство, культура речи, этика, духовное богатство, синоним, этика речи, вежливость

**Кіріспе.** Адамзаттың ойын білдірудің басты құралы - тіл екені даусыз, ал сол ойды шашыратпай, жүйелі дұрыс жеткізе білу - өнер. Атам қазақ қашан да сөз өнеріне үлкен мән беріп, бір ауыз сөзбен дауды да, жауды да тоқтата білгенін шешендерден қалған асыл мұралардан білеміз. Бабаларымыз сөз бастаудың жауға қарсы қол бастаудан қиын екенін, онда қаншалықты салмақ жатқанын дөп басып айтуының себебі - сөз құдіретін терең түсінгендігінде жатқан іспетті. Жалпы алғанда, өнердің барлық түрі әлем халықтарына ортақ дегенмен, соның ішінде сөз өнері әр халықтың өзіне тән ішкі ерекшеліктерін даралап тұратыны айқын. Бүгінде біз жастардың бойына топ алдына шығып, шешен сөйлеудің, ойын ұтымды жеткізе білуді дарытудың маңыздылығын ескере отырып, сонымен қатар сол қасиетті тіліміздің нәрін жоғалтып алмау үшін, сөз өнерін меңгерудің жолдарына көңіл бөлу қажеттілігін сезініп жүрміз.

Бүгінгі студент - ертеңгі маман, көшбасшы. Нарық заманы - қандай да бір жағдайда өз бетінше жол таба алатын іскер, белсенді, ойын еркін де, дәлелді жеткізетін, өзін жан-жақты көрсете алатын жандардың заманы. Міне осыдан келіп, көркем әдеби шығарма оқу, тіл байлығын жетілдіру, халық алдында сөйлеу сияқты жеке тұлғаны даралайтын қасиеттерге көңіл бөлудің маңыздылығы туындап тұр. Өйткені біз халқымызға тән “тоқсан ауыз сөздің түйінін” бір ұтымды сөзбен бере алған бабалардың ұрпағымыз.

**Әдістеме.** ЖОО-да білім алып жатқан әр студентке мамандық бойынша ғана білім беріп қоймай, жеке тұлға, қоғамның болашағы ретінде қарай отырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сөз мәдениетін жетілдіруді назарда ұстауға тиіспіз. Әрбір студент ортада өзін көрсетіп, дүниетанымы мен білімін сенімді жеткізе алуы үшін, кез келген ортаға тез бейімделіп, жаңа ақпаратты қабылдау қабілетін жылдам меңгеріп, қабылдау, іскерлік қасиеттерін дамыту үшін алдымен сөз өнерін меңгеруі тиіс. Жүректе тұнған асыл сезім мен ақылда қоныс тепкен білімді *ой – тіл – сөз – сөйлем* тізбектері арқылы сыртқы ортаға жеткізе аламыз. Шешендік сөз өнерін меңгерген, сөйлеу тілдік мәдениеті қалыптасқан, сөздік қоры бай адам өзіне сенімді және қоршаған ортамен қарым-қатынасқа еркін түсе алатыны анық. Ендеше, шешендік өнердің қыр-сырын жетік меңгеріп, саналы да ұтымды ойды тапқырлықпен ұштастыра білген жастарымыз - ел үмітін ақтар ертеңгі қоғамның болашағы десек, онда ел тағдыры сенімді қолда болатынына күмән тумайды. Сөз қадірін түсінетін адам әділдікке де, имандылық пен мәдениетке жақын болары сөзсіз.

**Нәтиже.** Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – мәдениетті, шешен сөйлей білу. Тіл адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асырады. Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсінісу, айту, пікірлесу сияқты әрекеттеріне тікелей қатысты құбылыс.

Адамдар арасында қарым-қатынасты орнатуға сөздің алар орны ерекше. Сондықтан оған қояр талап та ерекше, біріншіден, сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Тыңдар құлаққа жағымды үнмен айтылған мәнді сөз ғана жүрекке жетеді. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді “сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптеген. Ал оған қол жеткізудің бір ұшы сөйлеу этикасына келіп тіреледі. “Сөйлеу - тілдік қолданыстың ұлттық, ерекшеліктерін қамти отырып, белгілі-бір қағидаттарды есте сақтап, сөйлеу барысында қолдануға машықтанғанда нәтижеге жеткізеді”- дейді тіл мәдениеті туралы еңбектерінде белгілі қазақ ғалымы Р. Сыздық [1].

Адамзаттың рухани байлығы, мәдениеті мен ой-өрісінің айнасы іспетті сөз, адамның бар болмысын айқындайды. Шығыстың ойшыл ақыны Саадидің сөзімен айтар болсақ: “Сенің ақылды

не ақымақ екенінді айтқан сөзіңе қарап бағлайды” деген екен. Сол себепті сөздің адам өмірінде атқарар қызметінің молдығына қоса, басқа субъектілердің ол адам туралы ойын қалыптастыратын да құдіреті бар екен. Д.С. Лихачев тілдің құдіреті туралы былай дейді: “Самая большая ценность народа - это язык, на котором он пишет, говорит, думает. Думает! Это надо понять досконально, во всей многозначности и многозначительности этого факта. Ведь это значит, что вся сознательная жизнь человека проходит через родной ему язык. Эмоции, ощущения - только окрашивают то, что мы думаем, или подталкивают мысль в каком-то отношении, но мысли наши все формулируются языком. Вернейший способ узнать человека - его умственное развитие, его моральный облик, его характер - прислушаться к тому, как он говорит” [2, 9 б].

**Талдау.**Әлемдегі тілдердің ішінде статистика жағынан қолданысқа көп түсетін тілдердің қатарынан болмаса да, қазақ тілі ең әуезді, айшықты, көркем оралымдарға бай, көне тарихы бар тілдердің бірі деген пікірді түркі тілдерін зерттеген ғалымдардың бәрі бірауыздан қолдайтынын білеміз. Ендеше сол ана тілінің мол байлығын игерген, сөз құдіретін түсініп, оған тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді. Бұл орайда ғалым Д. Әлкебаеваның мына пікірі сөзімізді ғылыми-теориялық жағынан нығыздай түседі: “Кез келген коммуникативтік ситуацияда сөйлеуші өзінің өмірлік тәжірибесін, өмір туралы білімі мен біліктілігін көрсете алады. Сөйлеу ситуацияларының ықпалынан сөйлеушінің сөздік қоры ғана анықталып қоймайды, грамматикалық, лексикалық, яғни, тілдік нормаға тән білімділік қасиеттері де айқындалады”- дейді тілші-ғалым өзінің еңбегінде [3, 52 б].

Бүгінгі таңда сөз мәдениетін терең меңгеруге кері әсерін тигізетін жәйттер де баршылық, мәселен жастар сөйлеу барысында, техникалық құралдарда (компьютер, телефон т.б.) “тілдік үнемшілдікке”, қысқартып сөйлеуге өте әуес. Бұл меніңше, ойдың шорқақ, тілдің қысқалығының көрінісіне көбірек ұқсайды. Жастардың ойын жеткізе алмай, мынадай сөздерді сөйлеу барысында: *сөйтіп, ал, жаңағы, иә, қалай, нетіп, не қылып, анау, не, әлгі деген сияқты сөздерді жиі қолдануы* құлаққа түрпідей тиіп қана қоймайды, жастардың қарым-қатынас тіліне айналып кеткені көңілге кірбің ұялатады. Бұл көркем әдеби шығарманы оқымаудың, ізденбеудің салдарынан деуге болады. Ал ондай адамның ой өрісі қаншалықты төмен болатыны, келешекте ел тізгінін емес, өз отбасына қамқор, ата-анасына мейірімді бола алатындығын да күмән тудырады. Көркем әдеби шығармадағы әр кейіпкердің сөйлеген сөзі, психологиялық толғанысы, қарым-қатынасы, былайша айтқанда бар құбылысы жақсы мен жаманның ара жігін ашып, адамға түрлі ой салары, тәрбиелеуі, тіл байлығына сүңгуіне жол ашады.

Сөз - ойдың сыртқы қабығы, құнды ойды сәтсіз қолданған сөздер құнын жойып, айтушыға ғана түсінікті етуі де мүмкін.

Сол себепті жастардың бойына сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда тілдік құралдарды саналы іріктеп, орынды пайдалана білудің маңыздылығын сіңіре білген жөн. Тілдік бірліктерді таңдауда: а) сөз мағынасына сәйкес келуін; ә) сөздің орынды қолданылуын; б) мәнерлілігі сияқты белгілеріне назар аударған дұрыс.

Көбіне біз жиі бірінші орынға дұрыс сөйлей білуді қоямыз. Тыңдаушыны қызықтырып, оны сендіру үшін дұрыс сөйлеу жеткіліксіз.

Сөз мәдениеті әдеби тіл нормаларын білумен қатар сөйлеу тіліне қойылатын негізгі талаптарды сақтай отырып, тілдік құралдарды қолдану арқылы сөйлеу мәнерлілігіне қол жеткізген кезде қалыптасатынын ескеру керек. Сондықтан бірінші мәселе - сөйлеу әдебін қалыптастыратын сөйлеу сапаларын әрдайым ескеру қажет. Ғалымдардың айтуынша: “Сөйлеу сапаларына кіретіндер: сөйлеу тілінің **мінсіздігі, тазалығы, байлығы, дәлдігі, қисындылығы, мәнерлілігі, бейнелілігі, әсерлілігі, орындылығы, түсініктілігі**” [4, 39 б].

Сөйлеудің мәнерлілігі тілдің келесі көркем құралдарын қолданғанда жүзеге асырылады. Олар: синонимдер, түрлі троптар (бейнелеу, эпитет, метафора, метонимия, гипербола).

Бір сөзді синонимдермен түрлендіріп қолдану арқылы түрлі сөйлеу стиліне тән және әр түрлі эмоционалдық және экспрессивті бояу беруге болады. Мысалы: “өтірік” деген сөздің мағынасын жалған ақпарат, фактілерді бұрмалау, шындыққа сәйкес келмейді, фактілер қарсы сөйлеп тұр деген сияқты сөз тіркестерімен беру ұғымды және сөздің мәнерлілігін арттыра түседі. Сөз мәнерін арттырып, эстетикалық мәне бере отырып, тыңдаушының қызығушылық сезімдерін оятары анық.

Салыстыру тәсілін қолданудың тиімділігін белгілі психолог Д. Карнеги сөзін келтіру арқылы дәлелдеуге болады: “Айтар ойына жоспар құрмай келген дәріскер, соқырды жетелеген соқыр сияқты” [5, 127 с.] тыңдаушының көз алдына бірден аянышты көрініс келетіні сөзсіз.

Эпитетті пайдалану - сөйлеушінің затқа қатынасын беретін бейнелі анықтамасы сияқты. Нобель сыйлығын алғанда сөйлеген сөзінде А.И. Солженицынның сөзіне мән беріп көріңізші: “Біз әлемнің қызған уақытында оған көмектесуге қабілеттіміз жетеді деген ойдамын, достарым!”.

Ал, метафораларды қолдану ұзақ уақыт жадында сақталып, түрлі эмоциялар тудыратынын мына мысалдан аңғаруға болады: “*Нағыз адамның жаны ең күрделі, ең нәзік және ең әуезді музыкалық аспапқа тең*”(А. Блок, “Комиссаржевская естелігі”).

Сөз мәдениетін қалыптастырудағы дәйексөздермен сөз мәнерін арттыру да тиімді жолдардың бірінен саналады. Кейбір шешендер (оратор) өз сөздерінде дәйексөздерді жиі қолданады. Бұл сөз мәнерін арттырудың бір жолы болғанымен де, орынсыз көп қолданылған дәйексөз тыңдаушысын жалықтырып жіберері анық.

Сөйлеу мәдениеті адамға белгілі бір нормаларды ұстануды міндеттейді. Олар әдеби тілдің бүтіндігін және сол тілде сөйлейтін барлық адамдарға түсінікті болуын сақтау үшін қажет. Сөйлеу мәдениетінің басты нормаларына: лексикалық, грамматикалық, стилистикалық нормалар жатады.

Лексикалық нормалар - әдеби тіл шеңберінен шықпай, сөздерді дұрыс қолдану. Мағынасы жақын сөздерді шатастырып алмау үшін сөздіктерді пайдаланып, мағынасын анықтап алу, қателіктің алдын алады. Мұндай нормаларды сақтау лексикалық қателерді болдырмайды.

Грамматикалық нормаларды білу - сөзжасам, морфология және синтаксис, олардың сөйлемдегі қызметін білу, пайдалануды талап етеді.

Стилистикалық нормаларды меңгеру – әр стильге тән тілдік бірліктерді дұрыс таңдауға септігін тигізеді.

**Сөйлеу әдеби** – тіл практикасының ұлттық, өзіндік ерекшеліктеріне ие. Жоғарыда аталған ережелер субъектінің әңгімелесушімен “сыпайы, биязы” байланыс жасауға (байланысты орнату, оны қолдап отыру, байланысты тоқтату) қалыпты нысандар мен тілдік бірліктер жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Сөйлеу әдебінің жағдаяттары ретінде назар аудару және амандасу, танысу, шақыру, өтініш, кеңес беру, ұсыныс жасау, келісу, қарсы болу, кешірім сұрау, көңіл айту, қошемет сөз айту, құттықтау, қоштасу сияқты түрлері жатады. Қарым-қатынас сәлемдесуден басталады, сондықтан осы этикетке де мән берген абзал, дана халқымыз бұл ойды мақалмен: “Сәлемі жараспағанның, сөзі де жараспайды” деп түйіндейді. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста сыпайылық, кішіпейілділік пен адамгершілік қасиеттер тіл арқылы көрініс табатыны анық.

Сөйлеуші жақтың тыңдаушыға деген құрмет-қадірінің қаншалықты дәрежеде екені де сөз жұмсалым арқылы білінеді. Сөйлеу барысында неге назар аудару қажет деген сауал туындайды. Біздіңше, ең алдымен сөздерді ішкі мағынасына орай орынды қолдана білу және қарым-қатынас барысында өзінді орынды ұстай білу де (өзің туралы айта беруге, орынсыз қылымсып сөйлеуге, қолды сермеуге, қатты күлуге, дауысты көтеріп сөйлеуге) адам мәдениетін, тәрбиелігін танытады. Тіл барлық заттар мен құбылыстарды, таным белгілерді ұғынуға көмектеседі. Адамның рухы мен ішкі эмоциясын, сондай-ақ, адамдық қарым-қатынастан туған адами сыпайылықты да айқын көрсетеді. Сыпайылықты, тәрбиелікті, тектілікті танытатын қасиеттерге мыналарды да жатқызуға болады: біреумен сөйлескенде сөзін бөлмеу, сөйлеушінің сөзіне селқостық танытпау, шыдамсызданбау, өзгелердің сөзіне рұқсатсыз араласпау. Бабаларымыз адам бойындағы осы асыл қасиеттерді былай түйіндейді: “Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер”. Қажет болғанда, “кешіріңіз, сөзіңізді бөлейін деп едім..” деп барып, айту керек. Келіспейтін жағдайда шыдамдылықпен тыңдап, пікіріңізді орнықты, дәлелмен салмақтылық таныта отырып жеткізе білу керек.

Сыпайылық – сөйлесімге қатысушылар арасындағы этикет, бір-біріне құрмет көрсетудің көрінісі деуге болады. Сөйлеу барысында “сен” есімдігінің орнына – “сіз” есімдігін, әңгімеге қатысушының лауазымын, атағын (мыс., *доктор, профессор*), қазіргі кезде сөйлеу этикетінің (әдебінің) мәдениетін көрсететін *ханым, мырза* сөздерін, әңгімеге қатысушының өз ісіне, кәсібіне қосқан үлесін көрсететін шынайы қошемет сөздер мен сөз тіркестерін әңгіме барысында қосып отыру да сыпайылықтың белгісі болып саналады. Шынында, сөйлей білу адамның өзін-өзі көрсету, ой-пікірін жеткізу қабілетін көрсетеді, ал бұл қоғамда қалыптасуға, өз орнын табуға және алдына қойған мақсаттарына жету үшін өте маңызды. Мәселен, академик Д. С. Лихачев сөз мәдениеті – жалпы адам мәдениетінің басты көрсеткіші, оның білімі мен ойының кеңдігі мен тереңдігі екенін атап көрсетсе, ал белгілі саясаткер М. Тэтчер билікте бола отырып, сауатты сөйлеуге, өзінің білім деңгейін арттыруды үнемі қадағалап отыратынын айтады.

**Қорытынды.** Сондықтан да шешендікке баулу, ана тілін сүйуге, құрметтеуге үйрету теория түрінде емес, әртүрлі коммуникативтік ситуацияда қолданылатын тұрақты сөз орамдары, мақал-

мәтелдер, мәтіндік клишелермен қатар дебат, пікірталас, диалог сияқты интерактивті әдістер де студенттердің сөйлеу мәдениетін дамытатыны сөзсіз.

Сөйлеуші сөзінің нәтижелі болмауын туғызатын нәрсе – орынсыз ескерту жасау, дәйексөзді, қанатты сөздерді көп келтіру, сөзді орынсыз бұзу, орынсыз сұрақ қою, орынсыз көп сөйлеу, айтылғанды орынсыз қайталау, сондықтан осындай келеңсіздіктен аулақ болған дұрыс. Сөйлеушінің тілді білу деңгейі тым төмен болған жағдайда тілдік қатынас сәтсіздікке ұшырауы даусыз. Ел алдында сөз сөйлеу барысында өзі біле бермейтін арнайы терминдерді, басқа тілдің сөздерін орынсыз жиі қолдану, яғни тілді шұбарлап, сөздерді орынсыз жұмсауы да сәтсіздікке әкелетін жайттар екенін есте сақтаған дұрыс. Сөйлеушінің шешендігі көбіне монологтық сөйлеуде нақты көрініс табады.

Монологтық сөйлеу – бір адамның сөйлеуі. Оның әңгіме, баяндама, лекция және басқа түрлері де кездеседі. Мұнда сөйлеуші – бір адам, тыңдаушы – көпшілік. Жұрт алдында мәнерсіз сөйлеу – ол қаншама мазмұнды ойға толы болса да әсерсіз, жансыз болып шығады. Жұрт алдында сөйлеу:

- баяндамашы, лекторлар;
- түрлі орындарда айтылар тілек, мадақ;
- құттықтау, көңіл айту, көңіл аулауға қатысты сөздерден тұрады.

Жұрт алдында сөйлеу кезінде сөйлеуші айтар ойын, сезімін, көзқарасын дауыс ырғағы, дауыс күші, ым-ишара, қимыл-қозғалысы арқылы да жеткізеді. Сөйлеуші сөзінің тыңдаушы көңіліне қонуы таңдап алған сөздерін дұрыс қолдану, әрі оларды дұрыс байланыстырумен бірге, сөзді құлақпен естіп, қимылын көзбен көруінің де ықпалды екенінде екенін жоғарыда айтып кеткен болатынбыз. Сөйлеушінің ым-ишара, қимыл-қозғалысының екі жақты қызметі бар. Бұлар ойды дәл, нақты жеткізудің көмекші құралы болса, екіншіден, орынсыз, артық, жөнсіз қолданылса, тыңдаушыларына кері әсер етеді. Қандай жағдайда болсын ым-ишара, сезім, қимыл-қозғалыстың көмекші құрал екенін ескеріп, айтылатын тақырып, ой, мазмұнын ашатындай болуына назар аударылуы керек.

Қорыта келгенде, жұрт алдында сөйлеуде дауыс ырғағына, интонациясына, дауысты сан түрлі құбылтуға; сөйлемнің эмоционалды бояуына; сөйлеу темпіне; дауыс күшіне; сөздерді орфоэпия нормасына сай қоюға; қимыл-қозғалыс, ым-ишараны орнымен қоя білуге назар аударылуы керек. Сөз мәдениетінің майын шаққан сөз зергері Маулен Балақаев мына пікірі ойымызды дәлелдей түседі: “Дұрыс сөйлей білген адам өз ойын, айтқанын тыңдаушыға толық түсіндіре біледі” [6, 12 б]. “Бір жылы сөз бітірер, мың көңілдің жарасын” демекші мәнді, мағыналы айтылған сөзге ұстамды мінез бен жақсы қылық қосылса, бір ауыз жылы лебізбен тыңдаушының көңіліне көктем орнатуға болары анық.

Тілді қолданушылардың сөйлеу мәдениеті жоғары болғанда ғана тіл - ұлттық тіл, мемлекеттік тіл қызметін атқара алады. Бұл тұрасында қазақ тіл білімінің белгілі ғалымы М. Балақаев айтуынша, ана тілін жақсы білу үшін әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойды мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұтымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезіледі. Ондай шеберлікке тіл мәдениеті жоғары адам ғана жете алатындығын айтады [6, 49 б]. Осы мәселені зерттеуші ғалым ана тіліміздің қоғамдағы орны тұрасындағы төмендегі сөзімізбен ойымызды қорытындылауды жөн көрдік: “Біздің мақсатымыз – атабаба аманат еткен тілді қадірлей білу, көркемдігі мен байлығын сақтап, келесі ұрпаққа жеткізу ғана болып қоймай, оның қоғам қажетіне қызмет етуін дағдыға айналдыру. Осы тұста қазақ тілінің қоғамдық қызметі дегенде оның нарық тіліне айналуын, ғылым мен өркениет тілі болуын қамтамасыз ету” [7, 4 б].

Сондықтан сөйлеу мәдениетіне байланысты өтілетін практикалық сабақтарда ауызша сөйлеу тілінің ерекшеліктеріне көп көңіл бөлініп, қателерді тіл фактілері негізінде талдап, сырын ашып көрсетудің маңыздылығына назар аударған жөн санаймыз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1) *Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары. –Астана: Елорда, 2001. – 230 б.- кітап*
- 2) *Лихачев Д.С. Русская культура. – М.: Искусство, 2000, – С. 438. – книга*
- 3) *Әлкебаева Д.А. Сөз мәдениеті. –Алматы, 2011 ж. – 152 б. – кітап*
- 4) *Серғалиев М., Нұрғожина Ш. Қазақ сөйлеу тілінің экспрессивті-эмоциональды лексикасы. –Алматы, 1995. – 186 б. – кітап*
- 5) *Карнеги Д. Как завоевать друзей и оказывать влияние на людей. –Москва: Попурри, 2019. – С. 302. – книга*

- 6) Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 286 б. – -  
кітап
- 7) Қапасова Б. Қ. Тіл мәдениеті: Шешендік өнер. – Алматы, 2014 – 224 бет. – кітап